

ЖАҢАЛЫҚТАР

CBS: АҚШ Ираннан кемелерді атқылап, "қателікке жол бергенін" мойындауды талап етті

11 шілде 2026 жыл, 14:31



АҚШ Ираннан Ормуз бұғазында азаматтық кемелерге оқ ату арқылы өзара түсіністік меморандумының шарттарын бұзғанын жария түрде мойындауды талап етті. Соның салдарынан АҚШ осы аптада Иранның нысандарына шабуыл жасап, президент Дональд Трамп атысты тоқтату режимі тоқтатылғанын мәлімдеген еді. Бұл жөнінде АҚШ әкімшілігінің жоғары лауазымды тұлғасына сүйенген CBS [хабарлады.](#)

Телеарнаның дерегінше, Иранның ресми тұлғалары кемелерді атқылап, "қателікке жол бергенін" [мойындаған.](#)

Иран ресми түрде мұны мойындамады. Тегеран керісінше АҚШ-ты "меморандум шарттарын бұзды" деп айыптады. Иранның сыртқы істер министрі Аббас Аракчи

Иранға жаңа санкция жариялаған АҚШ қаржы министрлігі меморандум шарттарын бұзды деп жазды.

10 шілдеде АҚШ Иранның жоғарғы көсемі Мұжтаба Хаменеидің жаһандық қаржы желісін басқарды деген күдікке ілінген ирандық кәсіпкерге қарсы санкция **салған еді**. Мәселе Дубайда тұратын кәсіпкер Әли Ансар жөнінде болып отыр. АҚШ қаржы министрлігі мен АҚШ мемлекеттік департаментінің дерегінше, Ансар Германия, Ұлыбритания, Испания, Кипр, БАӘ және басқа да юрисдикцияларды қамтитын жаһандық активтер портфолиосын құрған. АҚШ шенеуніктерінің тұжырымдауынша, Иранның басқарушы элитасы мен Ислам революциясы сақшылар корпусының (IRGC) мүшелері желіні қаржы құралы ретінде қолданған. Иранның үш валюта айырбастау компаниясы да санкцияға ұшырады. Бұл маусымның ортасында соғысты тоқтатуды көздейтін меморандумға қол қойылғаннан бері Иранға салынған алғашқы санкция.

Аракчи сенбі күні Оманда келіссөздер жүргізбек. CBS арнасының хабарлауынша, АҚШ-Иран келіссөзінің жаңа кезеңі өтуі мүмкін, бірақ бұл ресми түрде хабарланбады. Бір күн бұрын президент Трамп Иранның келіссөзді жалғастыру туралы ұсынысына келіскенін мәлімдеді, бірақ атысты тоқтату туралы режим аяқталғанын айтты. Ақпаратқа қарағанда, Трамп келіссөздер тобына келіссөзді жалғастыруды тапсырған.

Меморандум барлық аймақта соғысты тоқтату, Ормуз бұғазын 60 күнге ашу, Иранға қарсы санкцияларды ішінара жеңілдетуді қарастырады, осы уақыт аралығында бейбітшілік бойынша түпкілікті келісім бойынша келіссөз өтуге тиіс. Алайда Иран күштері Ормуз бұғазындағы кемелерге бірнеше рет шабуыл жасаған, АҚШ оған "жауап берген".

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ